

УДК 340.128

ПАНДЕМИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТІК РЕТТЕУ ІС ШАРАЛАРЫНЫҢ КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТІЛЕРГЕ ӘСЕРІ

Қ.Е. Нусупбеков

nusupbekov.kairzhan@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - И.С. Сактаганова

Қазіргі кезде бүкіл Қазақстанды және ғаламды пандемия әсерінен әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздық жайлаған. Көптеген кәсіпкерлік субъектілерге осы дағдарыстан шығу мәселелері бірінші орында болып тұр. Пандемия кесірінен әлемдік сауда көлемі 30 пайызға төмендеуі мүмкін деп Дүниежүзілік сауда ұйымы болжам берді. Ал жұмыссыздық деңгейі АҚШ еңбек статистика бюросының статистикасы бойынша әлемдік жұмыссыздық деңгейі 1948 жылғы (14,7%) дәрежеге жетті деп хабарлайды[1]. Мемлекеттің қиын кезде шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауы, болашақтағы экономикалық дамудың алғышарттары болып табылады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында «тиімді шағын және орта бизнес - бұл елдің әлеуметтік экономикалық және саяси өмірінде маңызды рөл ойнайтын қалалар мен ауылдарды дамытудың берік негізі» екенін атап өтіп, «2025-ші жылға дейін ЖІӨ – дегі ШОБ үлесін 35%-ға дейін, ал жұмыспен қамтылғандардың санын – 4 миллион адамға дейін арттыру» тапсырмасын алға қояды. "Кәсіпкерлер өздеріне шенеуніктер заңсыз қысым жасаса, батыл түрде прокуратура органдарына жүгінуі тиіс. Кәсіпкерлікті қолдау нарықтық табыстың негізгі компоненттерін қамтитын орта бизнеске ерекше назар аударуды қамтиды» [2]. Осы орайда мақала аясында кәсіпкерлік қызметті қолдау, мемлекеттік реттеудің маңыздылығын айту жөн.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз жолдауында шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау маңыздылығын айтып кеткен еді. Осыған сәйкес бірқатар іс шаралар қолданылған еді. Мысал ретінде Қасым – Жомарт Тоқаевтың «Қазақстан Республикасында тексерулерге және профилактикалық бақылау мен қадағалауды барып жүргізуге мораторий енгізу туралы» жарлығын айтуға болады. Бұл жарлыққа сәйкес шағын кәсіпкерлікті артық тексерулерден

босатылуы қарастырылған. Жарлықтың 1 тармақшасында «халықтың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, заңдылық пен қоғамдық тәртіпке ықтимал түрде жаппай қатер, конституциялық құрылысқа және ұлттық қауіпсіздікке тура немесе тікелей қатер төндіретін бұзушылықтарды болдырмауға немесе жоюға бағытталған, сондай-ақ "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негіздер бойынша жүргізілетін тексерулер» жүргізіле алады[3]. Яғни пандемия кезінде халық денсаулығына зиян келтіру мүмкіндігі себебінен әрбір кәсіпкерлік субъект тексерілуі мүмкін. КPMG Қазақстан мен Орталық Азиядағы басқарушы серіктесі Сәкен Жұмашевтың мәліметі бойынша елімізде 1 миллион субъект пандемиядан зардап шекті. Банктерден несие алған 14 мың субъект кредитті қайтару мерзімін кейінге шегеруді сұрады. Оның ойынша "Шағын және орта бизнестен басқа компаниялар үшін мемлекеттік қолдау шаралары қарастырылған жоқ». Ал "Еңбек ресурстарын дамыту орталығы" АҚ вице-президенті Олжас Төлеуов "Қазақстанның экономикасы қазір бұрын-соңды болмаған дәрежеде талықсуға ұшырап отыр. Ағымдағы жылдың жеті айында еліміздің Жалпы ішкі өнімі 2,9%-ға азайды. Бұл дүниежүзілік қаржы дағдарысы белең алған 2009 жылдың екінші тоқсанында көрініс берген құлдырау шыңынан да артық. Осы мерзімде екі рет локдаун болуына байланысты бұл көрсеткіш тіптен артады деген болжам бар" дейді. Оның айтуынша Жұмыссыздық деңгейі 4,8 – 5% дан 9,5% -ға жетті. Жұмыссыздықтың мұндай жоғары көрсеткіші 2000 жылдардың басында ғана байқалғанын айта кету керек[4].

Мемлекеттің кәсіпкерлікті қолдау іс шараларын қарастыратын болсақ, санитарлық талаптардың белгілі бір кәсіпкерлік қызметтерге өз қызметін жүргізуіне рұқсат беріп, кейбір кәсіпкерлік субъектілерге шектеу қойылып, кейбір жекелеген жағдайларда кәсіпкерлік қызметті толық атқаруға мүмкіндік берілмей жатыр. Мысал ретінде кинотеатр, бассейндер, спа орталықтарына қатысты санитарлық дәрігерлердің және Денсаулық сақтау министрлердің көзқарасы бойынша бұл қызметтер ауру таралуының үлкен дәрежесіне қатысты өз қызметін атқаруға рұқсат берілмеген еді. Денсаулық сақтау министрлігінің өкілінің сөзі: "Санитарлық дәрігерлер кинотеатрлар, бассейндер, спа-орталықтар және басқа да осындай қоғамдық орындар жаппай жұқтыру қаупін төндіреді деп санайды. Кинотеатрлар қазір ашылмайды. Кинотеатрға соңғы рет наурыздың басында бардық. Барлығымыз сағынып жүрміз. Бірақ күтуіміз керек. Денсаулығымызды сақтау маңызды, кинотеатрлар әлі де инфекцияның таралу қаупі жоғары қоғамдық орын болып табылады"[5].

Егер пандемия басындағы бірнеше шетелдік мемлекеттердің тәжірбиесін қарастырып көрсек, бірқатар мемлекеттердің кәсіпкерлік қызметке қолдау көрсету іс шараларында кризистан шығу мүмкіндігін көре алуымыз мүмкін. Салыққа қатысты іс шаралар:

Қытай: интернетте жұмыс істейтін компанияларды қосылған құн салығынан босату. Шағын және орта бизнеске салықты төмендету.

ИТАЛИЯ: кірісі 2 миллион еуродан төмен кәсіпорындар салық төлеуді кейінге қалдыруы мүмкін. Кейінге қалдыру жыл сайынғы және ай сайынғы ҚҚС, сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандыру мен сақтандыруға қолданылады. Төлемдер 2020 жылдың 31 мамырына дейін кейінге қалдырылды.

ИСПАНИЯ: ШОБ пен өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін алты айлық салық мораторийі, бұл экономикаға 14 миллиард еуро қосады.

ГЕРМАНИЯ: салық салуды кейінге қалдыруға болады және салықты алдын-ала төлеу 2020 жылы күтілетін төменгі кірістерге бейімделуі мүмкін.

ФРАНЦИЯ: фирмалар мен кәсіпкерлер үшін корпоративтік салық/табыс салығы мен әлеуметтік қамсыздандыру жарналарын төлеуді кейінге қалдыру.

Ұлыбритания: жыл соңына дейін 30 миллиард фунт стерлингтен асатын салық төлемдері кейінге қалдырылды. Салық төлей алмайтын шағын компаниялар кейінге қалдыруды сұрауға құқылы. Кейінге қалдырылған салық төлемдері бойынша 3,5% жылдық пайыздық мөлшерлеме алынып тасталады.

АҚШ: Сан-Францискода жалпы кірісі 10 млн. АҚШ

Еңбек қатынастарына қатысты іс шаралар:

Қытай: әлеуметтік сақтандыру қорынан кәсіпорындарға жалақы төлемдері, жұмыссыздық бойынша сақтандыру төлемдері жүзеге асырылжы.

ИТАЛИЯ: пандемия басындағы екі айда "негізделген объективті себептермен" жұмыстан шығаруға тыйым салынды. Басқа әлеуметтік желілермен қамтылмаған жұмысшылар үшін 9 аптаның жалақысын қамтамасыз ету үшін резервтік қор 5 миллиард еуроға өсті. Әкімшілік процестер жеңілдетілді.

ИСПАНИЯ: 3 миллионнан астам өзін-өзі жұмыспен қамтыған қызметкерлерге жұмыссыздық бойынша жәрдемақы және жәрдемақы төлеу (олардың бизнесі "форс-мажорлық жағдайларға" сілтеме жасай отырып тоқтатылған жағдайларда).

ГЕРМАНИЯ: қызметкерлердің 10% - ы толық жұмыспен қамтылу жағдайында жұмыс істей алмайтын компаниялар қызметкерлерге төленетін мемлекеттік дотацияларды ала алады.

ФРАНЦИЯ: фирмаларды уақытша жұмыстан шығаруға шақырады (рәсімдерді қысқарту және фирмалардың шығындарын көпшілік алдында қамту). Үкімет жұмыс үшін ішінара өтемақының 100% өтейді

Ұлыбритания: Англиядағы бөлшек сауда, қонақ үй бизнесі және бос уақытты барлық кәсіпорындарға келесі 12 ай ішінде іскерлік тарифтер бойынша 100% демалыс беру. Табыс көзін жоғалтқан азаматтарға 3 айдағы жалақының 80% - ын 2500 фунт стерлингке дейін төлеу жоспарлануда[6].

Нәтижесінде белгіленген мемлекеттер, және де Қытай айрықша дағдарыстан шыға алды. Қатан карантиннан кейін көптеген бұрыннан күрескен көше сатушыларына қаланың әрбір жерлерінде еркін сатуға рұқсат берілді. Бұл іс әрекеттер Қытай мемлекеттік басшыларының өз экономикасын жаңдандыру үшін не керек екенің толығымен түсінгені деп санауға болады[7].

Жоғары айтылған сөздерге дәлел ретінде Қытай мемлекетінің іскерлік белсенділік индексі (PMI) маусым айынан бастап бұрынғы қалпына келген екен. Ал қазіргі кезде бұл көрсеткіш одан ары жоғарлауда. Іскерлік белсенділік индексінің мағынасын ашатын болсақ, бұл мемлекеттің экономикалық жағдайын көрсететін, нақтырақ айтсақ мемлекет ішіндегі өнеркәсіпке керек тауарларға және қызметке сұраныс пен кәсіпорындардың іскерлік қарым қатынастары түсуі қарқындылығынан есептелінеді[8].

Қорытындылай келсек әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсарту шаралары мемлекеттік реттеудің және сол мемлекеттің келешекте дамуына тікелей байланысты. Егер мемлекеттік реттеу шаралары жеткіліксіз немесе сол кәсіпкерлікке зиян келтірген жағдайларда, мемлекеттің өзінде экономикалық және саяси дағдарысқа дұшар болуы ықтимал. Сондықтанда мемлекеттің кәсіпкерлік қызметті дұрыс реттеуі, осы мемлекеттің мүддесінде болу керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Еңбек статистика бюросының жұмыссыздық деңгейге қатысты мақаласы 13 мамыр 2020 жыл // <https://www.bls.gov/opub/ted/2020/unemployment-rate-rises-to-record-high-14-point-7-percent-in-april-2020.htm#:~:text=Unemployment%20rate%20rises%20to%20record%20high%2014.7%20percent%20in%20April%202020&text=The%20unemployment%20rate%20in%20April,available%20back%20to%20January%201948>//

2. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы атты мақала 1 қыркүйек // <https://informburo.kz/kaz/prezident-asym-zhomart-toaevty-azastan-haly-na-zholdauy.html>

3. Қазақстан Республикасында тексерулерге және профилактикалық бақылау мен қадағалауды барып жүргізуге мораторий енгізу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 229 Жарлығы.// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1900000229>

4. Коронавирус пандемиясының Қазақстан экономикасына әсері қандай? Сараптама мақала 24 тамыз 2020 жыл // <https://informburo.kz/kaz/koronavirus-pandemiyasyny-azastan-ekonomikasyna-ser-anday-saraptama.html>
5. Қазақстанда кинотеатрлар қашан ашылатынын айтты мақала 17 шілде 2020 жыл // <https://www.ktk.kz/kz/newsfeed/article/2020/08/17/156330/>
6. Мировые практики поддержки бизнеса в условиях пандемии COVID-19 взглядом «очевидцев» 7 сәуір 2020 жыл // <https://opora.ru/news/mirovye-praktiki-podderzhki-biznesa-v-usloviyakh-pandemii-covid-19-vzglyadom-ochevidtsev.html>
7. Правительство Китая временно разрешило уличную торговлю атты мақала 11 тамыз 2020 жыл // <https://www.1tv.ru/news/2020-08-11/391136-pravitelstvo-kitaya-vremenno-razreshilo-ulichnyuyu-torgovlyu>